

# **ӨЗАРА ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

**Павлодарқаласы**

**2024 ж. «20 » науялар**

## **1. НЫСАНЫ:**

1.1. Осы өзара үнтымақтастық туралы Меморандумның мәне екіжақты қатынастарды дамыту, бірлескен жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру, идеяларды іске асыруға жәрдемдесу болып келеді. Өзара үнтымақтастықтың негізгі қағидаты тендік пен өзара түсіністікке негізделінеді. Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын **Павлодарбұлсызы Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі атынан тәрағасы Бақытжамал Шаханқызы Максилова** және «Павлодар қаласы Мәшіүр Жүсіп атындағы жалып орта білім беру мектебі» КММ атынан басшысы Айнұр Тілегенқызы **Бакбаева**, арасында тұрақты серіктестік қатынастар мен өзара түсіністік қалыптастыруға әрекеттесу болып табылады.

## **2. ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ:**

2.1. Тараптар Меморандум өзара тиімді үнтымақтастық, өзара түсіністік; құрмет пен сенім қағидаттарын ескере отырып әзірленді деп санайды;

2.2 Тараптар мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін үнтымақтастық туралы уағдаласады:

- бірлескен жобалар, идеялар мен бастамалар негізінде құрылатын және іске асырылатын ақпаратпен алмасу;
- ұйымдар Жарғыларының шеңберінен тыс шықпайтын бірлескен жобалар, идеялар мен бастамаларды жүзеге асыруы үшін штаттық қызметкерлерді, персоналды қатыстыру;
- еki Тараптардың жұмыс жоспарына сәйкес бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу;
- тақырыптық кездесулер, акциялар, форумдар, фестивальдер, конференциялар, жарыстар, байқаулар, семинарлар ұйымдастыру, біліктілікті арттыру курстарына және өзге де іс-шараларға қатысу;
- осы Меморандум шеңберінен тыс шықпайтын ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік материалдары, басылымдарымен және өзге де ақпаратпен алмасу;
- жобалар мен идеяларды іске асыру, оларды жүзеге асыру шарттарын жақсарту мәселелері бойынша бастамаларды техникалық тұрғыда қолдау және қарастыру;
- ақпараттық науқанды өткізу және жағымды имиджді өзара қалыптастыру;
- бірлескен жобалар мен іс-шараларды іске асыру бойынша бірлескен цифрлық қорларды әзірлеу (қажет болған жағдайда);

- 2.3. Меморандум ешбір қаржылық, зандық және басқа міндеттемелерді жүктемейді;
- 2.4. Меморандум шеңберіндегі өзара әрекеттестік Тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған немесе шектелген ақпарат алмасу бойынша міндеттемелерді жүктемейді.

### **3. БҰЗУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР ЕҢГІЗУ:**

- 3.1 Осы Меморандум екі данада жасалады және қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік жыл кезеңіне қошшіне енеді.
- 3.2. Осы Меморандум бұзылғанға дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапта алдын ала ескертумен қоса біржақты тәртіpte бұзылуы мүмкін.
- 3.3. Тараптар Меморандумда қарастырылмаған даулар немесе басқа да мәселелерді келіссөздер жүргізу арқылы реттеуге міндеттенеді.
- 3.4 Осы Меморандумның шарттары Тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде өзгертилуі мен толықтырылуы мүмкін.

**Павлодар облысы  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
Аналар кеңесінің төрағасы**

Б. Ш.Максилова

2024ж. « 20 » ғазындар



**«Павлодар қаласы  
Мәшіһүр Жұсіп атындағы  
жалпы орта білім беру  
мектебі» КММ басшысы**



Т. Бекбаева

ғазындар